

"Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесіне " электрондық үкімет" веб-порталын пайдаланумен жолданған жеке және заңды тұлғалардың электрондық өтініштерін қалыптастыру, қабылдау және өңдеу" жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 2 қарашадағы № 337 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 378 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесіне « электрондық үкімет» веб-порталын пайдаланумен жолданған жеке және заңды тұлғалардың электрондық өтініштерін қалыптастыру, қабылдау және өңдеу» жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 2 қарашадағы 337 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7331 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 12 (27083) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж і б е р у д і ;

2) осы бұйрықты мерзімдік баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы А. Рау